Әділет

# 2012 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 32/ 11 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 13 қаңтарда N 8-9-125 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 қаңтардағы N 03/03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 17.01.2013 N 03/03 (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелерінің тізімі, жұмыс түрлері мен көлемдері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбек ақысының мөлшері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінде, толық емес жұмыс күні немесе икемді кесте бойынша жұмыс істеу мүмкіндігімен бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарда істейтін азаматтардың еңбек төлемі жергілікті бюджеттің қаражатынан қамтамасыз етілсін.

4. Жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган (З. Шакентаев) нақты еңбек жағдайларын көрсетіп, жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға бір үлгідегі келісімшарттар жасасын.

5. Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы N 28/16 "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-9-95 тіркелген, 2011 жылғы 7 қаңтардағы N 1 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы, Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы N 4/19 "Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 28/16 қаулысына өзгертулерді енгізу туралы" (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-9-103 тіркелген, 2011 жылғы 9 сәуірдегі N 14 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы, Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 мамырдағы N 10/01 "Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 28/16 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-9-108 тіркелген, 2011 жылғы 25 маусымдағы N 25 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы, Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 12 қыркүйектегі N 19/03 "Абай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 желтоқсандағы "2011 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 28/16 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-9-113 тіркелген, 2011 жылғы 5 қарашадағы N 44 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Әсем Айтжанқызы Жүніспековаға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауданының әкімі Е. Нашаров*

Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 32/11 қаулысына қосымша

## 2012 жылға Абай ауданының ұйымдары,кәсіпорындары және мекемелері бойынша қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің Тізімі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012.11.12 N 33/14 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| Ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер | Жылына қоғамдық қызметкерлерге сұраныс, адам | Жұмыстардың ұзақтығы, ай | Айына қызметкерлер саны, адам | Қоғамдық жұмыстардың түрлер көлемдері |
|---|---|---|---|---|
| "Абай-Көркем" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 168 | 2,0 | 28 | Ағаштарды отырғызу – 500 д көшеттерді отырғызу – 100 д гүлдерді отырғызу – 500 д ағаштарды көктемгі өңдеу – дана, ауданы 192340 шаршы аумағын жинау және таза нөсерліктерді және нөсерқұдық тазарту – 218 дана |
| | | | | Зейнетақыны қайта есептеу ке көмек – 25700 іс, мұрағат |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталық | 8 | 1,5 | 1 | құжаттармен жұмыс – 1400 курьерлік жұмыс – 660 хат |
| Абай ауданы бойынша салық басқармасы | 8 | 1,5 | 1 | Салық жинауға көмек – 3400 тү , курьерлік жұмыс – 660 хат |
| Абай аудандық қорғаныс ісі жөніндегі бөлім | 16 | 1,5 | 2 | Әскерге шақырылатын азаматта жеке істерін ресімдеуге көмек – іс, шақыру қағаздарын тарату – дана |
| Абай ауданының статистика бөлімі | 8 | 1,5 | 1 | Жеке кәсіпорындарды жағда зерттеулерге көмек – 300 об ауыл шаруашылығы бойынша объект, мұрағаттық құжатта жұмыс – 150 папка, курьерлік ж – 330 хат |
| Абай ауданының прокуратурасы | 20 | 1,5 | 3 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 600 парақ, фактстерді же – 240 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 400 па хат-хабарларды жеткізу – 330 ха |
| Абай аудандық соты | 16 | 1,5 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 300 парақ, факсте жөнелту – 120 парақ, шақ қағаздарын тарату – 600 дана |
| Абай ауданының әділет басқармасы | 48 | 1,5 | 6 | Құжаттаудағы көмек – 2500 іс |
| Абай аудандық Ішкі істер басқармасы | 32 | 1,5 | 4 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 1200 парақ, факст жөнелту – 650 парақ, мәтіндерді және басып шығару – 600 па хат-хабарларды жеткізу – 660 ха |
| Абай ауданының N 2 аудандық соты | 10 | 1,5 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 200 парақ, факсте жөнелту – 100 парақ, шақ қағаздарын тарату – 200 дана |
| Абай ауданының төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімі | 8 | 1,5 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 300 парақ, факстерді же – 120 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 300 па хат-хабарларды жеткізу – 330 ха |
| Абай ауданының әкімінің аппараты | 8 | 1,5 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 300 парақ, факстерді же – 120 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 200 па хат-хабарларды жеткізу – 330 ха |
| Құрма ауылдық округі әкімінің аппараты | 16 | 1,5 | 2 | Ұзақтығы 13 километр су құбы , ұзақтығы 6 километр кәрі қызмет көрсетуіне көмек |
| Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 8 | 1,5 | 1 | Мұрағаттық құжаттарды өңд көмек – 500 папка |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Есенгелді ауылдық округі әкімінің аппараты | 8 | 1,5 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 300 парақ, фактерді же – 120 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 300 па хат-хабарларды жеткізу – 330 ха |
| Абай қаласы әкімінің аппараты | 24 | 12 | 24 | Қала тұрғындарының әлеуме портретін жасауға көмек – 2 адам |
| Топар кенті әкімінің аппараты | 24 | 1,5 | 3 | Кенттің 5940 шаршы метр аум жинау және тазарту |
| Абай ауданының жер қатынастары бөлімі | 12 | 1 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 300 парақ, фактерді же – 120 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 200 парақ |
| Самарка ауылдық округі әкімінің аппараты | 12 | 1 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасауға көмек – 300 парақ, факс жөнелту – 120 парақ, мәтіндерді және басып шығару – 300 па хат-хабарларды жеткізу – 330 ха |
| Көксун ауылдық округі әкімінің аппараты | 6 | 1 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 300 парақ, фактерді же – 120 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 300 па хат-хабарларды жеткізу – 330 ха |
| Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты | 6 | 1 | 2 | Ұзақтығы 13 километр су құбы , 6 километр кәріздің қыз көрсетуіне көмек |
| Қарағанды облысының түзету мекемелеріндегі заңдылықты бақылау бойынша арнайы прокуратурасы | 8 | 2 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 600 парақ, фактерді же – 300 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 400 па хат-хабарларды жеткізу – 300 ха |
| Южный кенті әкімінің аппараты | 18 | 1 | 6 | 1,3 гектар кент аумағын санита тазарту |
| Құлаайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты | 3 | 1 | 1 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 100 парақ, фактерді же – 80 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 100 парақ |
| Қарабас кенті әкімінің аппараты | 1 | 2 | 1 | 908 гектар кент аумағын санита тазарту |
| Сәрепті ауылдық округі әкімінің аппараты | 4 | 2 | 2 | Ағымдағы құжаттармен жұмыс көмек – 100 парақ, фактерді же – 80 парақ, мәтіндерді теру басып шығару – 100 парақ |
| Барлығы | 500 | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК